

ISSN 1999-4214 (print)  
ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

# ХАБАРШЫСЫ

## ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО  
ГУМАНИТАРНОГО  
ИНСТИТУТА

## BULLETIN

OF THE EURASIAN HUMANITIES  
INSTITUTE

**№3/2022**

Жылына 4 рет шығады  
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год  
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year  
Began to be published in 2001

Астана, 2022

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**  
*Еуразия гуманитарлық институтының доценті, филология ғылымдарының кандидаты,*  
*Астана, Қазақстан*

Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**  
*Еуразия гуманитарлық институтының доценті, философия докторы (PhD)*  
*Астана, Қазақстан*

**Редакция алқасы**

<b>Аймұхамбет Ж.Ә.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Ақтаева К.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша
<b>Әбсадық А.А.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
<b>Бредихин С.Н.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
<b>Ермекова Т.Н.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
<b>Есиркепова К.Қ.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
<b>Жүсіпов Н.Қ.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
<b>Курбанова М.М.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
<b>Қамзабек Д.</b>	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Құрышжан Ә.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
<b>Онер М.</b>	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
<b>Пименова М.В.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
<b>Сайфулина Ф.С.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмбаев даңғ., 4  
Телефон/факс: (7172) 561 933; E-mail: eagi.vestnik@gmail.com, Сауім: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.

Меншіктенуші: «Еуразия гуманитарлық институты»

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Басуға 17.10.2022ж. қол қойылды. Пішімі 60\*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі.

БТ. Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89

«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**  
*Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института,  
Астана, Казахстан*

Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**  
*Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института,  
Астана, Казахстан*

### **Редакционная коллегия**

<b>Аймухамбет Ж.А.</b>	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Актаева К.</b>	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша
<b>Абсадық А.А.</b>	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
<b>Бредихин С.Н.</b>	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
<b>Ермекова Т.Н.</b>	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
<b>Есиркепова К.К.</b>	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
<b>Жусипов Н.К.</b>	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
<b>Курбанова М.М.</b>	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы имени Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
<b>Камзабек Д.</b>	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Курышжан А.</b>	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
<b>Онер М.</b>	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
<b>Пименова М.В.</b>	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
<b>Сайфулина Ф.С.</b>	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ

*Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4  
Телефон/факс: (7172) 561 933; E-mail: eagi.vestnik@gmail.com, Сайт: ojs.egi.kz*

Вестник Евразийского гуманитарного института.  
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт».  
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на  
переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022  
*Подписано в печать 17.10.2022ж. Формат 60\*84 1/8. Бум.  
Типогр. Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89  
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»*

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**

*Candidate of Philological Science, Associate Professor of the Eurasian Humanities Institute,  
Astana, Kazakhstan*

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**

*Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the Eurasian Humanities Institute,  
Astana, Kazakhstan*

### ***Editorial Board***

- Aimuhambet Zh.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Aktayeva K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
- Absadyk A.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Bredikhin S.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
- Гайнуллина Ф.А.** Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
- Yermekova T.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan
- Yesirkepova K.K.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Zhusipov N.K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
- Kurbanova M.M.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
- Kamzabek D.** Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Kuryshzhan A.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
- Oner M.** Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
- Pimenova M.V.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
- Seifullina F.S.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF

*Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect  
Zhumabayev Tel/Fax: (7172) 561 933: E-mail:  
eagi.vestnik@gmail.com, Caïm: ojs.egi.kz*

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No.KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 17.10.2022 Format 60 \* 84 1 \ 8. Paper.

Printing house Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

©Eurasian Humanities Institute

## МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ-CONTENTS

### ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

ӘБДІМӘУЛЕН Г.А., ҚОҚЫШЕВА Н.М.	«Тіл-мәдениет-қоғам» үштігіндегі әйел концептінің тілдік сипаты (қазақ-ағылшын паремиологиялық бірліктері негізінде).....	7
БЕКЕНОВА Г.Ш.	Ономастикадағы номинациялық сипат.....	16
ЕРМЕКОВА Т.Н., ЖАҢАБАЕВА Н.А.	Қызға қатысты этнографизмдердің танымдық сипаты.....	25
ИМАНБЕРДИЕВА С.Қ.	Ұлы жібек жолындағы прецедентті топонимдер.....	40
КУРМАНОВА Б. Ж., УТЕГЕНОВА А., ИСЛАМГАЛИЕВА В.Ж.	О формах существования казахского и русского языков в языковой ситуации Актюбинской области.....	50
ҚҰСАЙЫНОВА Ж.А., СӘМЕНОВА С.Н.	«Болжау», «жорамалдау» модальді реңктерінің синтаксистегі көрінісі.....	62
САРЕКЕНОВА Қ.Қ.	Абай Құнанбайұлы шығармалары бойынша ғылым-білімге қол жеткізудің жолдары.....	70
ТЕЛҒОЖАЕВА Қ.С., ҚОСЫМОВА Г.С.	Абай әлемін бағалаудағы эмоциялық бірліктер.....	79
ШАДКАМ З., ТҰЯҚБАЕВ Ө.О., СҰЛТАНБЕК Қ.Б.	«Дастұр ал-‘иләж» трактатындағы халық емшілігі – медициналық антропология көзқарасымен.....	89
КҮРКЕБАЕВ К.Қ.	Көне түркі жазба ескерткіш мәтіндерінің транскрипциясы мен аудармаларындағы сәйкессіздіктер.....	101

### ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АЙМҰХАМБЕТ Ж.Ә., МИРАЗОВА М.Н., АЛИМБАЕВ А.Е.	Әпсаналардағы «қасиетті су» туралы мотивтердің поэтологиясы.....	113
АБИЛХАМИТҚЫЗЫ Р. АМАНГАЗЫКЫЗЫ М., ОРАЗБЕК М.С., СЕКЕЙ Ж.	Ақын Ұ.Есдәулет өлеңдеріндегі дыбыстық қайталаулар..... Абай как архетип поэта.....	124 134
ГАЛЫМЖАНОВ Б.Г.	Юнус Эмре және Мәшһүр Жүсіп шығармашылығының үндестігі.....	144
NURGALI K.R., SIRYACHENKO V.V.	Chekhov's principles of artistic organization in the creative work of G. Musrepov.....	153
МУСАБЕКОВА С.Е., АЙМҰХАМБЕТ Ж.Ә., МИРЗАХМЕТОВ А.А.	Көркем шығарма құрылымындағы түс көру мистикалық мотив ретінде.....	163

---

МУСИНОВА Г.С., ТУЛЕБАЕВА К.Т.	Драмалық шығармалардағы Семей қасіретінің көрінісі.....	175
ТОҚСАМБАЕВА А.О.	Қазіргі қазақ прозасының көркемдік ерекшелігі.....	188

**ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА  
ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF  
TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE**

ШАҚАМАН Ы.Б.	А.Байтұрсынұлының тіл білімдік зерттеулерінің әдіснамалық негізі.....	197
ҚҰРМАМБАЕВА Қ.С.	Көркем шығармаларды оқытуда белсенді оқу әдістерін қолданудың ғылыми-әдістемелік негізі.....	204

Қ. С. ТЕЛҒОЖАЕВА<sup>1</sup> 

Ғ. Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті,  
Алматы, Қазақстан<sup>1</sup>

Г. С. КОСЫМОВА<sup>2</sup> 

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан<sup>2</sup>  
(e-mail: k.telgozhaeva@aes.kz<sup>1</sup>, gkosym@inbox.ru<sup>2</sup>)

## АБАЙ ӘЛЕМІН БАҒАЛАУДАҒЫ ЭМОЦИЯЛЫҚ БІРЛІКТЕР

**Аңдатпа.** Абай әлемі – түпсіз терең тұңғыық, бір рет оқу арқылы Абай дүниетанымын түсіне алмаймыз. Абай танымындағы «Әлем» бейнесі ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген. Мұны түсіну үшін Абай философиясын талдап түсіндіруге тырысқан отандық және шетелдік ғалымдардың пікірлерінде орын алған бағалаушылық сипаттағы эмоционалды тілдік бірліктерге лингвистикалық талдау жасау қажеттілігі туындайды. Мақалада ұлы ақын Абай Құнанбаевтың шығармашылығы мен еңбектерін, тұлғалық ерекшелігін терең зерттеген бағалау-мәнді пікірлерге алғаш рет лингвистикалық талдау жасалған. Талдау нысаны ретінде отандық және шетелдік ғалымдардың Абай туралы айтқан ғылыми пікірлері алынды. Пікірлердің құрылымы эмоционалды мағынаны сипаттайтын бағалау-мәнді сөйлемдерден тұрады. Яғни зерттеу барысында ғылыми пікірлердегі тілдік сана мен ұлттық дүниетаным ерекшелігі қарастырылған. Лингвистикалық талдауда эмоционалды мағынаға ие болып отырған сөздердің танымдық сипаты, прагматикалық қатынасы, стилистикалық қызметі, лексика-семантикалық ерекшеліктері, шылаулардың дәнекерлік қызметі талданған. Ұлттық дүниетаным мен тілдік сананың айырмашылығын байқау үшін отандық және шетелдік ғалымдардың пікірлеріндегі негізгі эмоционалды мағына мен экспрессивті реңкке ие болып отырған сөздер кесте түрінде ұсынылды. Зерттеу нәтижесі бағалау мәнді сөйлемдерді ұлттық құндылықтар мен ұлттық мәдениеттің көрсеткіші ретінде кеңінен зерттеу қажеттілігін көрсетті.

**Түйін сөздер:** бағалау, эмоционалды бағалау, прагматика, эмоциялық мағына, экспрессивті реңк, қайталама.

**Кіріспе.** Кез келген ұлт танымында ұлтқа ортақ, халыққа еңбегі сіңген танымы мен талғамы ерекше, тілдік ойлауы қабілеті жоғары тұлғалардың еңбегі мен шығармашылығын бағалау дәстүрі бар. Мұндағы басты ой олардың ғұмырлық еңбектерін бір ауыз сөзбен сипаттай отырып, қоғам назарын аударту. Қазақ танымында жақсының жақсылығын айтып, оған алғысы мен ризашылығын білдіру құралдарының сан алуан түрі бар. Мысалы, ұлттық кодқа айналған Бата – бағалаудан, алғыс пен ризашылықтан туған мұра. Бүгінде қазақтың болмысы мен мәдениетіне, тіліне айналған Абай мұралары ғылыми тұрғыдан кеңінен зерттеліп, өзіндік бағасын алуда (Қ. Мұхамеджанов (2010) [1]; М. Мырзахметов (1982) [2]; Ғ. Есім (2012) [3]; және т.б.).

Тәуелсіз Қазақстанның ең үлкен жеңісінің бірі билер мен батырлардың, ақын-жазушылар мен тарихи тұлғалардың еңбектерін әлемдік деңгейде зерттеу барысында қазақи болмысымыз бен ұлттық мәдениетімізді барынша тереңінен қарастыратын әлемдік антропоэзектік бағытта кеңінен зерттеулер жүргізіп жатқандығымызда. Бұл тарихи тұлғалар мен әдеби мұраларымызды, мәдени жәдігерлерімізді тілдік сана, әлемнің тілдік бейнесі, толық адам тұжырымында, қатысымдық, танымдық сипатта

зерттеу арқылы болашақ ұрпақтың санасында ұлтқа деген құрмет пен тағзым қалыптастыруға негіз болады. Мұндай зерттеулердің нәтижелі болуына көптеген ұлттық ғылыми жобалар (әртүрлі ғылым салаларындағы жобалар) мен мемлекеттік бағдарламалар (Рухани жаңғыру және т.б.) ықпал етуде. Аталған жобалар мен бағдарламалардың аясына қазақтың бір туар азаматтарының мұрасын зерттеу де кіреді. Соның бірі әлемнің мәдениет пен әдебиет сахнасынан орын алған Абай Құнанбаев еңбектері мен шығармаларын зерттеу. (1845-1904 ж. ж. ақын, ағартушы, философ, сазгер). Ақын шығармашылығын зерттеуге әрі Абайтануға бағытталған ақынның тәуелсіздік жылдарындағы 150, 175 жылдық мерейтойларында атқарылған істер өте көп.

Абайдың болмысы арқылы тұтастай ұлттың болмысын зерттеп келе жатқан көптеген зерттеушілер өз еңбектерінде Абайдың көп қырын жан-жақты зерттеуде, бір қырын жүйелі қарастыра келіп, оның басты құндылығын алға тартып, өзіндік бағасын берген. Мұндай бағалаудың астарында зерттеудің маңыздылығымен қатар зерттеушінің қоршаған ортаға қатынасы, білімі, талғамы, санасы, мәдениеті, және т.б. қырлары, тіпті ұлттың ділі, эмоциясы байқалады. Дұрыс әрі оң берілген танымдық бағалаулардың нәтижесінде зерттеу нысанына айналып отырған тұлғаға деген оқырман мен қалың көпшіліктің өзіндік көзқарастары қалыптасады. Қалыптасқан көзқарастар қоғамның мәдениеті мен тілінің дамуына, әдебиетінің жаңаруына, тарихының толығына, жаңа ізденістердің ашылуына ықпал етеді. Міне, сондықтан да Абайдай ұлттық құндылығымызды дәріптеудегі әртүрлі бағыттағы, өзге тілдегі, өзге мәдени көзқарастағы бағалауларды саралап, ондағы әлемнің тілдік бейнесін, тілдік сананы, танымды, рухани байлықты сипаттайтын тілдік бірліктердің эмоциялық сипатын қарастыру аса қажет деп санаймыз.

Жұмыстың негізгі нысаны ретінде қазақ тарихында Абай өнеріне баға берген 6 отандық ғалымның және 5 шетелдік ғалымның бағалау пікірлері алынды. Пікірлердің көпшілігі Google Scholar деректер қорында қол жетімді. Жұмыстың негізгі мақсаты қазақ тарихындағы ұлы тұлғалардың шығармаларын, еңбектерін бағалаудың дүниетанымдық ерекшелігінің ұрпаққа, тарих пен мәдениетке, ең бастысы ана тілге тигізер пайдасын анықтау. Ұлы тұлғалар еңбегін бағалаудағы отандық және шетелдік ғалымдардың пікірлеріндегі тілдік сананың ұлттық мәдениетке әсерін бағамдау. Ол үшін бағалау-мәнді сөйлемдердің тілдік сана мен танымға қатысына лингвистикалық талдау жасалады.

**Әдістеме және зертеу әдістері.** Бағалау лингвистика саласына құндылықтар туралы пікірлер іріктелген бағалау логикасынан келген. Ал құндылықтар адамның қажеттілігімен, қызығушылығымен, талпыныстарымен, мінезімен, болмысымен, ойымен, тіпті армандарымен қатар жүретінін ескерсек, онда ол осы құбылыстарға жағымды, жағымсыз қарым-қатынасын білдіру барысында өзіндік тілдік санасы мен дүниетанымын танытады. Осы жердегі көзқарас барысындағы тілдік бірліктердің ара-салмағы мен қолданыс ерекшелігінің басымдығын лингвистика таным категориясы негізінде қарастырып келеді. Адам нысанды мынау жақсы, мынау оған қарағанда жақсы немесе мынау жаман, мынау тіпті жаман деп қана бағаламайды, бағалау үрдісінде өзінің эмоциясына да басымдық беріп түрлі тілдік бірліктерді тілдік санасында өңдеп, көңілге қонымдысын ортаға салады. Яғни, бағалау барысында алған ақпаратының танымы мен талғамына, сұранысына қатынасын бағамдайды. Нәтижесінде өзінің сұранысына сәйкес келе ме, іздегені осы ма, жеке басына пайдасы бар ма немесе ара салмағы қанша сияқты сұрақтарға автоматты түрде жауап табуға тырысады. Әртүрлі құбылыстарды бағалау – шындығында адамның дүниетанымдық әрекетінің негізгі бөлігі. Жалпы алғанда бағалау эмоциядан келіп туындайды. Сондықтан да лингвистикада бағалауды рационалды бағалау және эмоционалды



бағалау деп екіге бөліп қарастыру жолға қойылған. Ал бұлардың қайсы бірінші жүреді деген мәселені әлі де шешімін таппаған мәселелер қатарына жатқызуға болады. Дж Э. Зингер эмоцияны «физиологиялық реакция және дүниетанымдық әрекет» деп түсіндіреді [4. 214]. Ал аталған дүниетанымдық әрекет сөз арқылы байқалатыны ақиқат.

Л.В. Лебедова бағалау сөйлемдерінің құрамына енетін сын есімдердің, зат есімдердің қызметтері мен семантикалық табиғатына кеңінен тоқталған. Зерттеуші сөйлемнің әртүрлі құрылымдық түрлерімен берілетін бағаның өзіне тән қасиетіне және бағаланып отырған зат, құбылысқа байланысты бағалау сөйлемдерінің әртүрлі реңді болуына тоқталып, оларды мынадай топтарға бөлген:

- жалпылама баға;
- өзіндік баға-пікір;
- эмоционалдық бағалау пікірі ;

- жалпылама-логикалық баға [5, 8]. Жұмыстағы лингвистикалық талдаулар осы топтаманы негізге ала отырып жасалды.

Бағалау мәні сөздің семантикалық құрылымына компонент ретінде кіреді [6,119]. Сондықтан да әр халықтың санасында бағалау логикасы әртүрлі деңгейде қалыптасып, тілдің түрлі құралдары арқылы ортаға түсіп, ұтқыр ойлысы уақыттың көшінен қалмай сол халықпен мәңгі жасасып кетеді. Мысалы, қазақ танымындағы жылқының сынына берген бағасы ғасырлар бойы өз құндылығын жойған жоқ. Жылқы малының сыны мен оған қатысты атаулардың тілдік ерекшеліктерін зерттеген Айтбаеваның ғылыми жұмысында құнды мәліметтер берілген [7]. Қазақ танымына бағалау ұғымы жат емес. Жұмыста жылқы атауларына, сынына қатысты сөздердің семантикалық қыры қарастырылған, ал ондағы бағалаудың ұлттық дүниетанымға қатысы жеке ғылыми жұмыстың зерттеу нысаны болмақ. Айта кететін бір нәрсе бүгінгі ақпарат заманы қоғамға жылқы малына қалай баға беру керектігін ұмыттырды. Есесіне техникаға баға беруді немесе материалдық құндылықтарды бағалауды техникалық тұрғыдан жақсы меңгеріп алдық. Бұған бір адамның мақсаты мен ойынан, қиялынан туындаған жақсы жарнама болса жеткілікті. Алайда, бұл сөз өнері мен танымға қатысты ұлттық құндылығымыздан алшақтап бара жатқандығымызды айғақтайды.

Жұмыста лингвистикалық тұрғыдан талданған бағалауларды объект жоқ кезде тура айтылған шынайы мақтауларға жатқызуға болады. Абайдың тілі мен шығармашылығын, болмысын, мәдениетін бағалаған отандық және шетелдік ғалымдар мен зерттеушілердің пікірлері сараланып, эмоциялық бояуы мен экспрессивтік күші басым бірліктер алынды. Зерттеудің маңыздылығы көрсету үшін және сөз құдіретінің танымдық сипатымен ұлттық дүниетанымның ерекшелігін салыстыру мақсатында келтірілген мысалдардың ұғымдық категорияларының семантикалық, лексикалық, прагматикалық функциялары лингвистикалық тұрғыдан талданады

**Талқылау мен бақылау.** Абайды өз дәуірінде зерттеп, Абай мен ортасының шынайы және тарихи оқиғаларының куәгерлерінің сөзін бүгінгі күнге және әлі талай ғасырға жеткізген М. Әуезов Абайға былайша баға береді: «Абай деген – терең теңіз, алып мұхит. Абайды таныған сайын, оның түбіне маржандарын алу үшін сүңги беруің керек, сүңги беруің керек. Ал мен оның бетін ғана қалқыдым» [8, 1].

Бағалау мәніндегі сөйлемнің эмоционалды-экспрессивтік күші басым әрі жұмбаққа толы. Бұл теңіз және мұхит сөздерінің прагматикалық сипатына қатысты. Неге теңіз, мұхит? Қазақ даласы географиялық картаға сәйкес мұхиттан алшақ орналасқан, аумағында екі теңіз ғана кездесетін кеңістік. Сәйкесінше Қазақ баласы үшін теңіз бен мұхит құпиясы көп, қол жетпес, көруге арман болған аумақ іспеттес. Яғни, Абай – М. Әуезов дүниетаным бойынша барлық адам көруге құмартатын қазына аралы. Бұл зат есімдердің прагматикалық әлеуеті. Терең теңіз, алып мұхит сөз

тіркестері тұрақты сөз тіркестері қатарына жатады. Қоғамда теңіз түбі түпсіз терең деген түсінік қалыптасқан, расымен де солай болуы мүмкін. Мүмкін, теңіз мұхиттан терең болмауы да мүмкін, өйткені мұхиттың алыптығы соншалық, кейбір мұхиттар өз құпиясын адамзат баласына ашқызар емес. Мысалы, мәңгі мұз басқан Атлант мұхитының тереңдігін дәл айту әлі де мүмкін емес. Дегенмен, жер бетіндегі көптеген теңіздердің тереңдігі ғалымдардың зерттеуінен өтіп, астындағы қазына байлықтары игеріліп, адамзат баласы өзінің тапқан байлықтарын осы маржандармен өлшеп, қалың көпшіліктің қызығушылығын тудыруда. Материалдық байлық іздесең теңіздің тереңіне сүңги беруің керек. Ал, М. Әуезовтің айтып отырғаны Абайдың рухани байлығы – тұтастай ұлттың ұлттық байлығы. Мұндай байлыққа қол жеткізу үшін үлкен еңбек пен шыдамдылық қажет. Осы арқылы автор тәрбиенің де орнын меңзеп тұр. Қазақ және орыс тілдерінің сөздік қорларында теңіздің тереңдігіне қатысты сөз тіркестері мен тілдік оралымдар өте көп: Теңіздей терең, теңіздей тулаған, теңіздей тулау, телегей теңіз. Вычерпат море, море слез және т.б. Ал мұхитқа қатысты тұрақты тіркестер жоқтың қасында. Керісінше ағылшын тілінде as deep as the ocean деген тұрақты тіркес бар. Яғни, ағылшын ұлты білімнің немесе ойдың тереңдігін мұхитпен өлшейді. Мұның басты себебі ағылшындықтардың мұхиттың жағалауында орналасқандықтарында. Сондықтан да М. Әуезовтің Абайды асты қазынаға толы теңіз бен мұхитқа теңеуі – жалпы халықтық дүниетаным мен тілдік санаға сай әрі орынды қолданылған теңеу.

Терең теңіз сөз тіркесіндегі **т, е**, фонетикалық қайталамалары да айту мен тыңдауға, сонымен қатар ойға да жеңілдік беріп тұр. Ал мұхиттың алыптығына теңеуі Абай құпиясының бірден ашыла қоймауында жатса керек. Бір қарағанда бұл жерде су қоймаларының біреуін ғана қолдануға болар еді, бірақ М. Әуезов өз дүниетанымының тереңдігінің арқасында Абайды тереңінен танудың қажеттілігін астарлы оймен нақты жеткізіп, теңіз, мұхит сөздерінің денатоттық мағыналарының кендігін орынды пайдаланып отыр. Сүңги беруің керек тіркесін екі рет қайталап беріп, лексикалық қайталама жасауы сөйлемнің иллюкутивті күшін арттырып тұр.

Сөйлемде жеке дара тұрғанда ешбір денотаттық не коннотат мағынаға ие болмай тұратын ал, ғана шылауларының эмоционалдық мағынасы айқын байқалады. Ғана даралау демеулігі тек эмоционалды мағына ғана емес, сөйлемге экспрессивтік реңк те үстемелеп тұр. Ал шылауының мен есімдігімен тіркесуіндегі эмоциялық мағынаның астары М. Әуезовтің тұлғалық сипатында жатыр. Біріншіден сөйлеуші барша қазаққа Абайды кеңінен танып, тереңінен түсінген әдебиетші ретінде таныстырып тұр. Екіншіден, ғана шылауы азсыну, қосыну эмотивтік мағынасында жұмсалып тұр. Сонымен қатар бала кезден Абай шығармаларын жатқа айтып келе жатқан оқырман, ғалым ретінде өзіне осындай баға беруі өз оқырманын қызықтыру үшін әрі болашақ ұрпаққа зерттеп үлгермеген тұстарының бар екендігін аңғартуға бағытталған эмотивті фонды аңғаруға болады.

Келесі пікіріндегі бағалаудың семантикалық, прагматикалық астары тілдік сананың дүниетанымдық сипатының басымдығын анық байқатады. Ол халық тарихының биік шыңына жалғыз-дара шыққан тау ағашы сияқты. Сөйлемді құраушы бірліктер – зат есім мен сын есім. Сөйлемді оқығанда синоним сөздер қатар қолданылғанын байқаймыз, бірден үнемдеу тәсіліне қарай біреуін неге қолданбасқа деген ой тууы мүмкін. Ойымызды жүзеге асырып, сөйлемді былайша түрлендіріп көрейік: Ол халық тарихының биігіне дара шыққан тау ағашы сияқты. Сөйлемнің иллюкутивті күші бәсеңдеп, эмоциялық әсері түсіп кетті. Басты себеп сөздердің семантикалық мағыналары әлсіреп, есімдіктердің қолданыс ерекшелігі назардан тыс қалғандықтан автор дүниетанымы мен ұлттық дүниетанымның үйлесімділігі алшақтап кеткендігінде жатыр. Тіл байлығының тілдік санадан алшақтап кеткендігін байқауға болады.

Сөйлемнің иллокутивті қызметін арттырып тұрған есімдіктердің топтасып қолданылуында болып тұр. Тағы айта кететін грамматикалық ерекшелік шың, биік, жалғыз, дара сөздерінің контексте кейде зат есім, кейде сын есім қызметін атқаратындықтарында тұр. Анықтауыштық қызмет атқарып тұрған биік сөзі сөйлемге анықтылық мағынасындағы эмотивті тон берсе, жалғыз-дара қос сөзі ерекшелік мағынасындағы эмотивті мағынада тұрған сөз. Жалғыз-дара шығу сөзінің астарында Абайдың бүгінгі шыққан биігіне әкесінің болыстығының еш қатысы жоқтығын аңғартқан эмотивті фон жатыр. Тау ағашы зат есімді тіркесі авторлық қолданыстағы – тіркес. Мұндай тіркес қазақ тілінің сөздік қорында кездеспейді. Тау ағашы – қарағай. Қарағай 500-600 жыл өмір сүретін өміршең және табиғи сипаты жағынан қисайып өспейтін, тек тікке өсетін әдемі, сұлу – ағаш. Ал мұндай ерекше теңеу Абай мұрасының өміршеңдігін және оның ұлт тарихымен тығыз байланыстығын аңғартады. Яғни, кез келген халық секілді қазақ ұлтының да тілдік санасы өзін қоршаған ортасымен тығыз байланысты.

М. Әуезовтің Абай туралы айтқан бір ғана пікіріне лингвистикалық талдау жасай отырып, дүниетанымның тілдік санаға тікелей қатысын байқадық. 1, 2 кестелерде Абай туралы айтқан отандық ғалымдар мен шетелдік ғалымдардың пікірлеріндегі эмотивті мәнді арттырып тұрған ең негізгі сөздерді бердік. Осы арқылы ұлттық ойлау мен бағалаудың өзара байланысын қарастырмақпыз.

1-кесте. Отандық ғалымдардың Абай туралы айтылған пікірлерінің эмоционалды бірліктері

Отандық ғалымдар	Абай болмысын сипаттайтын эмоционалды бірліктер			
<b>Ахмет Байтұрсынов</b>	бас ақын	бұрын-соңды болмаған		
<b>Әлихан Бөкейханов</b>	сом алтын			
<b>Міржақып Дулатов</b>	шамшырақ	әдебиетіміздің бірінші кірпіші	ардақты орын иесі	
<b>Мағжан Жұмабаев</b>	кемеңгер			
<b>Зәки Ахметов</b>	ұлттық сананы оятушы	рухани жаңғыру көзі	өркениетке ұмтылдырушы күш	әділдіктің символы
<b>Сұлтанмахмұд Торайғыров</b>	асыл сөз иесі ақылшы	адалдықтың жаршысы мұңдасар	демеуші	

2-кесте Шетелдік ғалымдардың Абай туралы айтқан пікірлерінің эмоционалды бірліктері.

Шетелдік ғалымдар	Абай болмысын сипаттайтын эмоционалды бірліктер
<b>Эбигейл Постнер</b>	әлемді әмбебап гүлденуге жетелеуші
<b>Наоми Кафе</b>	Абай ауызша әдебиет пен жазбаша әдебиеттің көпірі
<b>Мкртчян Н.</b>	Ол – нағыз қазақи ақын.
<b>Х. Касапцоглу</b>	Құтатдұғу білікте қалыптасқан дәстүрлер мен түсініктерді жалғастырушы.
<b>Р. Джон</b>	Бүгінгі педагогтардың көмекшісі

Абай шығармашылығын бағалаудың толық нұсқалары:

Отандық ғалымдар:

**А. Байтұрсынов:** Қазақтың бас ақыны – Абай Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ даласында біз білетін ақын болған жоқ [8, 1].

**Ә. Бөкейханов:** Өз отанының сом алтыны.

**М. Дулатов:** Қараңғы заманда шырақ жаққан шамшырақ. Әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіш – Абай сөзі, Абай боларға керек... ең жоғары, ардақты орын - Абайдікі [8, 1].

**М. Жұмабаев:** Әлемнің құлағынан әні кетпес кемеңгер [8, 1].

**З. Ахметов:** Абай әлемі – қазақ халқының ұлттық санасының оянуы мен рухани қайта жаңғыруының, қоғамның озық күштерінің өркениеттілікке ұмтылысы мен әлеуметтік әділдіктің символы [8, 1].

**С. Торайғыров:**

Асыл сөзді іздесең

Абайды оқы, ерінбе

Адалдықты көздесең

Жаттап оқы көңілге

Санадағы сан сауалға жауап таба алмай сансырағанда да ақылшым – Абай. Ағайыннан да, досыңнан да, дұшпаныңнан да көңілің қалғанда мұндасарым – сол. Бір іске тәуекел етіп, қияға қол созғанда да қолтығыңнан демейтін – ақын сөзі [8, 1].

Шетелдік ғалымдар:

**Эбигейл Постнер:** Осы жылдар бойы Абай Құнанбаевтың әуендері, қара сөздері, поэмалары өзінің сұлулығы мен өзектілігін жоғалтқан жоқ. Оның халықтар арасындағы түсіністік пен татулық, мәдениеттің ғылымның және білімнің озық идеялары ғана әлемді әмбебап гүлденуге жетелейді деген сенімі бүкіл әлем халықтары мен әрбір жеке адам үшін өмірлік маңызды болып қала береді [9, 3].

**Наоми Кафе:** Абай ауызша әдебиет пен жазбаша әдебиеттің көпірі [10, 96].

**Н. Мкртчян:** Абайды кеңестік тарихнамада көрсетілгендей орысшыл жазушыдан гөрі қазақшыл болған. Шын мәнінде Абай қазақ қоғамы үшін пайғамбарлық жол болды [11, 33].

**Х. Касапцоглу:** Абай айтқан «парасат», «білім» туралы өсиеттерді негізге ала отырып, ұлттық құндылықтарды ұрпаққа жеткізуге болады. Бұларды әлеуметтік мораль, әлеуметтік пайда шеңберінде қарастыруға болады [12, 194].

**П. Джон:** Білімге қатысты озық ойларымен өз замандастарын алға шыққан Абайдың кейбір пікірлері бүгінгі білім беру саласында өзектілігін жойған [13, 39].

Берілген бағалау мәнді сөйлемдерді стилистикалық тұрғыдан саралай келе төмендегідей қорытындыға келдік:

1. Отандық ғалымдардың пікірінен Абайды қазақ ұлтын тәрбиелеуші ретінде көрсек, ал шетелдік ғалымдардың пікірінен Абайды әлемді әмбебап гүлденуге жетелеуші ретінде тануға болады.
2. Қазақ тілді ғалымдардың пікіріндегі эмоционалдық мағынаға ие болған сөздердің лексика-семантикалық мағынасы кеңейе түссе, өзге тілді ғалымдардың пікірлері нақты факторларға сүйене отырып жеткізілген.
3. Қазақ ғалымдарында тілдік санаға негізделген теңеулер басым.
4. Шетелдік ғалымдар пікірлерін көбінесе Абайдың Қара сөздері бойынша білдірген.
5. Отандық ғалымдардың пікірлерінің құрылымы қысқа, шетелдік ғалымдардың пікірі күрделі сөйлем болып табылады.

Ғалымдардың пікірлерінің маңыздылығын топтастырып салыстырумыздың басты мақсаты – ұлттық дүниетаным ерекшелігін таныту.

**Нәтижелер.** Жұмыста салыстырмалы түрде нақты зерттеу қорытындысына қол жеткізу үшін қазақ тарихында Абай өнеріне баға берген 6 ғалымның және шетелдік 4 ғалымның бағалау пікірлерін зерттеу нысаны ретінде алдық. Оның ішінде Абайды толық қанды танитын және Абайды (қазақты) әлемге танытқан тұлға ретінде бір ғана М. Әуезовтің пікіріндегі бағалау-мәнді сөйлемдердің эмоционалды мағынасын ашу үшін лингвистикалық талдау жасалды. Отандық және шетелдік ғалымдардың пікірлерінің негізгі эмоционалды мағыналарын түсінікті әрі қысқа түрде көрсету үшін кесте түрінде ұсынылды. Талдау барысында сөздің лексикалық мәнінің ассоциациясында барлық тілді тасымалдаушылар тұрақсыз болатындығын, бірақ стилистикалық мән тұрақты жағдайда қолданылатын сөздің нақты байланыс тұрақтылығына негізделетінін дәлелдедік. Сөздерді шаблон не стандарттан тыс қолданудың нәтижесінде мағынаның эмоционалды-бағалаушылық рендерінің мәні зор болатынын көрсеттік. Сөйлемдегі эмоционалды күйді білдіретін тілдік бірліктер сөйлеушінің сөйлеу сәтіндегі психологиялық жағдайы мен әлеуметтік Мәнінен, сонымен қатар халықтың тарихи жағдайынан хабар беретін тілдік құрал болып табылатыны айтылды.

Лингвистикалық талдау нәтижесінде шылаулардың да толық бір сөйлемнің мағыналарын айқындайтынын, ерекше экспрессивтік өң беретінін дәлелдедік. Өйткені сөйлемдегі ғана, ал шылаулары сөйлем ішіндегі сөздердің барлығымен логикалық жағымен де эмоциялық жағымен де тығыз байланысты. Сонымен қатар шылаулардың негізгі грамматикалық қызметінен гөрі астарлы қызметі ұлттық мәдениетті танытуда үлкен қызмет атқарып отырғандығын аңғардық. Лингвистикалық талдау нәтижесінде В. А. Звегинцев айтқан: «эмоциялық мағына сөздің мағынасына кірмейді, сондықтан ол семасиологияның емес, стилистика саласының зерттеу нысаны» деген пікірінің өте күрделі мәселе екендігін айта кеткіміз келеді [14]. Эмоциялық мағына да, бейнелік мағына да түйсік арқылы адамның сезім мүшелерімен қабылданып, сезімнің көмегімен сөз мағынасының құрамына енетінін аңғардық. Отандық және шетелдік ғалымдардың бағалау мәнді ғылыми пікірлерін стилистикалық тұрғыдан салыстыра келіп, ұлттық көзқарастың ұрпақ тәрбиесінде алатын орнының басымдығына көз жеткіздік. Бастысы Абай – ұлт ұстазы ғана емес әлем халықтарының ұстазы екендігін тағы бір мәрте аңғардық.

**Қорытынды.** Лингвистикалық талдауды қорытындылай келе көркем сөзде бағалау мәнді сөйлемдерді эмоционалды немесе экспрессивті қисында күрделі рационалды-сезімдік мазмұн беретін құрал ретінде қарастыруға болатын айтуға болады. Сонымен қатар, барлық тіл тасымалдаушылар үшін эмоционалдылық және бағалау критерийлері міндетті және тұтас алғанда объективтілігі бірдей. Бұл жағдай стилистикалық және эстетикалық ақпарат саласы негізінде коммуникация мүмкіндігін беретін объективті лингвопсихологиялық базаны құрайды. Егер стилистикалық күштер тілдік феномен болмағанда, адамдар арасында «стилистикалық өзара түсіністік» болмас еді. Коннотативтік мағына қаншалықты тікелей берілсе, соншалықты күрделі жеке ассоциациялар негізінде қалыптасады: бұл мағыналар белгілі лексикалық және стилистикалық мағыналардың жаңа қисындардың нәтижесі болып табылады. Сондықтан да сөздің контекстік мағынасы анықталғанмен, ең алдымен сөздің семантика-стилистикалық мүмкіншілігі ерекше, ол сөзсіз бірегей болып табылады. Қандай да бір ойды, сезімді жеткізу үшін тіл бірліктері бірігеді және жұмыла отырып, сол мағына мен мазмұнды жеткізеді. Мұны шылаулардың мағыналық қызметінен анық байқадық.

Бағалау мәнді ғылыми пікірлерді саралай келе, ұлт азаматының еңбегіне сол ұлттың өкілі ұлттық дүниетаным мен ұлттық санаға сәйкес баға беретіндігін, ал мұндай бағалаулардың тұлғатану, елтану, тарихтану, мәдениеттану, тіпті ана тілді үйрену құралының негізі болатындығына көз жеткіздік. Ал шетелдік ғалымдардың аргументтік пікірлері – тұлғаны әлемге танытудағы басты құрал. Мұндай оң пікірлердің қалыптасуына түрткі болатын құрал – отандық тұжырымды пікірлер.

Зерттеу нысанына алынып отырған бағалау мәнді пікірлердің ғылыми өзектілігінің

мазмұны олардың танымалдылығы мен уәжділігінде жатыр. Өйткені зерттеу нысаны болып отырған пікірлер Google Scholar деректер қорынан алынған. Жалпы алғанда бүгінгі ақпарат ғасырында Google Scholar деректер қорынан Abay Kunanbaev деп іздеу нәтижесінде жалпы 473 іздеу нәтижесіне, Abai Kunanbaev деп іздеу барысында 351 нәтижеге қол жеткіздік. Бұның өзі үлкен жетістік. Айтпағымыз бүгінгі таңда Абай туралы ғылыми тұрғыдан тереңінен білгісі келетін адамға зор мүмкіндіктің туып отырғандығы. Алайда жетістік үлкен жауапкершілікті арқалайтынын Абай мұрагері ретінде естен шығармауымыз керек. Абайды әлем тануда, ендеше қазақ лингвисттерінің әлем алдындағы басты міндеті Абай мұраларын әлемдік мұра ретінде лингвистиканың жаңа зерттеу салаларының негізінде ұтымды тұжырымдар ұсына білу. Соның бірі Абайды Толық Адам немесе Толық Адам тұжырымының қайнар көзі ретінде кеңінен зерттеу.

### Әдебиеттер

1. Мұхамедханов Қ. Абай шығармаларының текстологиясы жайында. – Алматы: Фолиант, 2014. – 344 б.
2. Мырзахметов М. М. Әуезов және Абайтану проблемалары. – Алматы: Ғылым, 1982. – 296 б.
3. Есім Ф. Хакім Абай. – Астана: Фолиант, 2012. – 400 б.
4. Singer J. A., Salovey P. Remembered self: emotion and memory in personality. – Simon and Schuster, 2010, – 245 p.
5. Лебедова Л. В. Субстантивные эмоционально-оценочные предложения в современном русском языке. Автореф. дисс. канд. филол. наук. – М: 1967. – 18 с.
6. Түсіпбекова Ғ. А. Қазіргі қазақ тіліндегі бағалау мағынасы мен оның құрылымдық жүйесі. Фил. ғыл. кан. дисс.. Астана, 2007 ж. – 125 б.
7. Айтбаева Н. Қ. Қазақ тіліндегі жылқыға қатысты атаулардың лексика-семантикалық және дүниетанымдық сипаты. Фил. ғыл. кан. дисс.. Алматы, 2007 ж. – 125 б.
8. Абай туралы пікірлер: 25.01.2022 <http://16-oskemen.mektebi.kz/abaj-ebekter-lem-mrasy/abaj-dana-abaj-dara/724-abaj-turaly-pkrlr.html>
9. Abai Kunanbayev whose biography is full of persecution, never lost faith in the strength of the Kazakh people. 05.06. 2022. <https://www.legit.ng/1327789-abai/>
10. Caffee N. B. Russophonía: Towards a Transnational Conception of Russian-Language Literature. Dis. UCLA, 2013. -207 p.
11. Mkrtchyan N. Abai Kunanbaev's "Qara soz" in the light of Albert Stepanyan's theory of interpretation of the Armenian lamentation// Central Asian Journal of Art Studies. – 2018. – Т. 3. – № 4. 17-37
12. Kasapoglu Cengel. H. Advices on "Mind" and "Misdóm" in Turkish Culture From yusuf of Balasagun to Abay of Semei //MILLI FOLKLOR. – 2020. – 126. – С. 184-197.
13. Shon P. Abay's Legacy to the Philosophy of Education. \ NUGSE Research in Education 2(1) – 2017. – С. 36-41
14. В.А. Звегинцев Семасиология. Москва: – 1957. 320 с.

### Қ.С. ТЕЛҒОЖАЕВА

Алматинский университет энергетики и связи имени Г. Даукеева, Алматы, Казахстан

### Г.С. ҚОСЫМОВА

Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

### ЭМОЦИОНАЛЬНЫЕ ЕДИНИЦЫ В ОЦЕНКЕ МИРА АБАЯ

Образ *Мира* в познании Абая основан на национальных и общечеловеческих ценностях. Для глубокого изучения данной темы возникает необходимость проведения лингвистического анализа эмоциональных языковых единиц оценочного характера в трудах отечественных и зарубежных ученых, пытавшихся осмыслить философию Абая. В статье впервые сделан лингвистический анализ оценочно-значимых работ, глубоко исследовавших

и оценивших личность, труды и творчество великого поэта Абая Кунанбаева. Утверждения отечественных и зарубежных ученых о трудах Абая были взяты в качестве объекта анализа. Структура текстов утверждений состоит из оценочно-значимых предложений, которые описывают эмоциональное состояние. Следовательно, в процессе исследования рассматриваются специфика языкового сознания и национального мировоззрения научных суждений. В лингвистическом анализе проанализированы когнитивный характер, прагматические отношения, стилистическая окраска, лексико-семантические особенности слов и коммуникативные функции служебных слов, которые приобретают эмоциональный оттенок. Чтобы проследить отличие национального мировоззрения и языкового сознания, в таблице представлены слова, имеющие основной смысл и выразительный оттенок в текстах суждений отечественных и зарубежных ученых. Результаты исследования показали необходимость широкого изучения оценочно-значимых предложений как показатели национальных ценностей и национальной культуры.

**Ключевые слова:** оценка, эмоциональная оценка, прагматика, эмоциональный значение, выразительный оттенок, повторение.

**K.S. TELGOZHAEVA**

Almaty University of Power Engineering and Telecommunications named after G. Daukeyev

**K.S. KOSSIMOVA**

Kazakh National Pedagogical University named after Abai

### **EMOTIONAL UNITS IN ABAY WORLD ASSESSMENT**

The world of Abai is a bottomless abyss, once we read it, we will not be able to understand the worldview of Abai. The image of the *World* in the knowledge of Abai is based on national and universal values. In order to understand this, it becomes necessary to conduct a linguistic analysis of emotional language units of an evaluative nature in the works of domestic and foreign scientists who tried to analyse philosophy of Abai. The article for the first time offers the linguistic analysis of evaluative-significant judgments that deeply investigated and evaluated the personality, works, and creativity of the great poet Abai Kunanbaev. The scientific claims of native and foreign scientists about Abai are taken as an object of the analysis. The structure of the texts of statements consists of evaluative-significant sentences that describe the emotional state. Consequently, in the process of the research, the specifics of linguistic consciousness and the national worldview of scientific judgments are considered. The cognitive character, pragmatic relations, stylistic coloring, lexical and semantic features of the words, and communicative functions of words that acquire emotional meaning are analyzed in this article. To trace the difference between the national worldview and linguistic consciousness, the table presents the words that have the main emotional meaning and expressive connotation in the texts of judgments of native and foreign scientists. The results of the study showed the need for a broad study of evaluatively significant sentences as indicators of national values and national cultures.

**Key words:** evaluation, emotional evaluation, pragmatics, emotional meaning, expressive tone, repetition.

#### **Referenses**

1. Muhamedhanov Q. Abai sygarmalatynyn tekstologiasy jaiynda. Almaty: – 2010. – 164 b.
2. Myrzahmetov M. Auezov jane Abaitanu prablemalary. Almaty: Gylym. – 1982. – 296 b.
3. Esim G. Hakim Abai. Astana: Foliant. – 2012. – 400 б..
4. Singer J. A., Salovey P. Remembered self: emotion and memory in personality. – Simon and Schuster, – 2010, – 245 p..

5. Lebedova L. V. Substaniivnye emosionalno-osenochnye predlojenia v sovremennom ruskom iazyke. Avtoref. diss. kand. filol. nauk. M: - 1967. – 18 s..
6. Tüsipbekova Ğ. A. Qasırgı gazaq tılındegı baǵalau maǵnasy men onyn qurylymdyq júiesi. Fil. ğyl. kan. diss.. Astana: – 2007. – 125 b..
7. Aitbaeva N. Q. Qazaq tılındegı jylqyǵa qatysty ataulardyn leksika-semantikalyq jane dúnietanymdyq sipaty. Fil. ğyl. kan. diss.. Almaty: – 2007. – 128 b..
8. Abai turaly pikirler. 25.01. 2022. <http://16-oskemen.mektebi.kz/abaj-ebekter-lem-mrasy/abaj-dana-abaj-dara/724-abaj-turaly-pkrler.html>
9. Abai Kunanbayev whose biography is full of persecution, never lost faith in the strength of the Kazakh people. 05.06. 2022 <https://www.legit.ng/1327789-abai/>
10. Caffee N. B. Russophonia: Towards a Transnational Conception of Russian-Language Literature. Dis. UCLA, 2013. -207 p.
11. Mkrtychyan N. Abai Kunanbaev's "Qara soz" in the light of Albert Stepanyan's theory of interpretation of the Armenian lamentation// Central Asian Journal of Art Studies. – 2018. – T. 3. – № 4. 17-37
12. Kasapoglu H. Advices on "Mind" and "Wisdom" in Turkish Culture From Yusuf of Balasagun to Abay of Semei. 184-197
13. Shon P. Abay's Legacy to the Philosophy of Education. \\ NUGSE Research in Education 2(1) – 2017. 36-41
14. V. A. Zveginsov. Semasiologia. – Moskva, 1957. – 320 c.

**Авторлар жайлы мәлімет:**

**Телгожаева Құралай Сағымбекқызы** – аударма ісінің магистрі, Г. Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінің аға оқытушысы, Алматы, Қазақстан.

**Телгожаева Куралай Сағымбековна** – магистр переводческого дела, старший преподаватель Алматинского университета энергетики и связи имени Г. Даукеева, Алматы, Казахстан.

**Telgozhaeva Kuralay Sagimbekovna** – Master of Translation Studies, senior lecturer of Almaty University of Power Engineering and Telecommunications named after G. Daukeyev Almaty, Kazakhstan.

**Қосымова Гулбану Сейілбекқызы** – филология ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, Алматы, Қазақстан.

**Косымова Гулбану Сейлбековна** – доктор филологических наук, профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая, Алматы, Казахстан.

**Kossymova Gulbanu Seyilbekovna** – Doctor of Philological Sciences, Professor of Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan.